

ЖЫЛДЫҚ ЕСЕП 2023

Бізбен жарқын!



3

ЕСЕП ТУРАЛЫ ЖАЛПЫ МӘЛІМЕТТЕР

КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

- 6 «БЭСК» АҚ желілеріне қосылған тұтынушылардың құрылымы
- 8 Компания тарихы
- 11 2023 жылдың негізгі оқиғалары
- 13 Ішкі және сыртқы PR
- 19 Тәуекелдерді басқару және менеджменттің біріктірілген жүйесі
- 20 Еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы және қоршаған ортаны қорғау
- 25 Метрология басқармасы
- 27 Қызметкерлер
- 37 Басқару құрылымы
- 39 Директорлар Кеңесінің құрамы
- 40 Қоғамның Басқармасы

ӨНДІРІСТІК ҚЫЗМЕТКЕ ШОЛУ

- 43 Нарыққа шолу және нарықтағы жағдай
- 46 Қызметтің өндірістік көрсеткіштері
- 46 2023 жылғы электр энергиясы ысырабының құрылымы
- 47 Апаттар мен істен шығулар
- 48 Электр желілеріндегі апаттылықты төмендету жөніндегі іс-шаралар
- 49 Заңдастыру жоспарын орындау
- 50 Өндірістің құқықтық талаптарға сәйкестігі
- 52 «БЭСК» АҚ Ақпараттық технологиялар басқармасы
- 57 «Шығысэнерготрейд» ЖШС электр энергиясын жеткізушілері
- 59 «Шығысэнерготрейд» ЖШС тұтынушылары
- 62 Релелік қорғау және автоматика басқармасы

ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТКЕ ШОЛУ

- 67 2023 жылғы күрделі салымдардың көлемі

ҚАРЖЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТКЕ ШОЛУ

- 73 Аудитордың қорытындысы және ескертпелері бар қаржылық есептілік

ЕСЕП ТУРАЛЫ ЖАЛПЫ МӘЛІМЕТТЕР


Осы есепте «БЭСК» АҚ және «Шығысэнерготрейд» ЖШС барлық мүдделі тұлғаларға 2023 жылдың 1 қаңтарынан 31 желтоқсанына дейінгі қызмет нәтижелері мен жетістіктері туралы толық шолуды ұсынады.

Осы есепте көрсетілген қоғамның және серіктестіктің 2023 ж. арналған 2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша шоғырландырылған қаржылық есебі «Baker Tilly Qazaqstan Audit» ЖШС тәуелсіз аудиторымен расталды.

Осы есеп шеңберінде өндірістік және қаржылық қызмет бойынша экономика, экология, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік саласындағы ақпарат келтірілген. Ақпарат және мәліметтер 2023 жыл кезеңінде берілген, алайда ақпаратты салыстыру және талдау мақсатында кейбір көрсеткіштерде қолданылатын 2021 – 2023 жылғы нақты деректер пайдаланылған.

Есеп беру циклы-жыл сайын.

Жылдық есепті дайындау кезінде «БЭСК» АҚ және «Шығысэнерготрейд» ЖШС құрылымдық бөлімшелерден алынған есептер пайдаланылды.





КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

«БЭСК» АҚ тарату желілері 1949 жылдан бастап жұмыс істейді.

2021 жылғы 4 наурызда «Шығыс Қазақстан аймақтық энергетикалық компаниясы» АҚ заңды тұлғасын мемлекеттік қайта тіркеу жүргізілді, «Біріккен ЭнергоСервистік Компания» АҚ болып қайта аталды.

«Біріккен ЭнергоСервистік Компания» АҚ (бұдан әрі «БЭСК» АҚ) негізгі қызметі Шығыс Қазақстан облысының және Абай облысының аумағында орналасқан тұтынушыларға өңірлік және жергілікті деңгейдегі желілер арқылы электр энергиясын беру болып табылады.

«Табиғи монополиялар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес қызметтің осы түрі табиғи монополия саласына жатады, осыған байланысты «БЭСК» АҚ Шығыс Қазақстан облысы және Абай облысы бойынша табиғи монополия субъектілерінің мемлекеттік тіркелімінің жергілікті бөлімінде орналасқан және қызметі мемлекеттік уәкілетті органмен реттеледі.

«БЭСК» АҚ 34 293,8 км электр беру желілеріне қызмет көрсетеді. Компания 2 облыстың, 19 ауылдық ауданның, 10 қаланың, 872 кент пен ауылдың, 254 ауылдық және ауылдық округтің тұтынушыларына электр энергиясын беруді жүзеге асырады.

Қызмет көрсететін аумақтың ауданы-283 300 шаршы шақырым. 35 кВ және одан жоғары трансформаторлық қосалқы станциялардың саны-312 дана, ТП, КТП, РП, ЦРП- 6 429 дана, есептеу нүктелерінің саны-478 201. Компания активтері 230 836,77 шартты бірліктен асады. Олардың қызметімен шамамен 3000 қызметкер айналысады.

Қызмет көрсетілетін жабдық бірліктерінің саны және электр желілерінің ұзындығы бойынша «БЭСК» АҚ тек Шығыс Қазақстан облысы мен Абай облысында ғана емес, сонымен қатар Қазақстанның ең ірі өңірлік энергия беруші кәсіпорындарының бірі болып табылады.

«БЭСК» АҚ негізгі өндірістік міндеті негізгі және қосалқы энергетикалық жабдықтың сенімді жұмыс істеуі арқылы тұтынушыларға электр энергиясын үздіксіз беруді қамтамасыз ету болып табылады.

Осы міндеттерге қол жеткізу үшін «БЭСК» АҚ жыл сайынғы техникалық қызмет көрсетуді жүзеге асырады, негізгі электр жабдықтарын күрделі және ағымдағы жөндеу жүргізеді, нормативтік құжаттардың талаптарын сақтауды ескере отырып, инвестициялық міндеттемелерге сәйкес іс-шараларды іске асырады.

Қоғамда үш халықаралық стандарт: ISO 9001:2015, ISO 14001:2015, ISO 45001:2018 бойынша біріктірілген менеджмент жүйесі енгізілді және жұмыс істейді.

Заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы куәлікке және кәсіпорын жарғысына сәйкес кәсіпорынның атауы:

Мемлекеттік тілде «Біріккен ЭнергоСервистік Компания» Акционерлік қоғамы;

Орыс тілінде Акционерное общество «Объединённая ЭнергоСервисная Компания».

Кәсіпорынның мекен-жайы

070002, Қазақстан Республикасы, Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қаласы, Бажов көшесі 10.

Телефон: +7 (7232) 48-96-40


Факс: +7 (7232) 75-20-51, e-mail: headoffice@besk.kz

«Біріккен ЭнергоСервистік Компания» АҚ негізгі энергия беруші кәсіпорындардың бірі болып табылады. Табиғи монополиялар субъектілерінің жергілікті бөліміне кіреді.


«БЭСК» АҚ ЖЕЛІЛЕРІНЕ ҚОСЫЛҒАН ТҰТЫНУШЫЛАРДЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ

Тұтынушылар саны

Жеке тұлғалар Заңды тұлғалар




Көлемі 283 300 км², Шығыс Қазақстан және Абай облысы аумағына 22 АЭЖ қызмет көрсетеді



Күштік жабдықтардың саны,
желілердегі ең жоғары жүктеме

Барлығы ҚС-35 кВ және одан жоғары – 312 дана.
Барлық ТҚС, ЖТҚС, РП, ОТҚС – 6 429 дана.
Барлық трансформаторлар 0,4-6-10-35 және одан жоғары: 7 105 дана - 4 964,24 МВА
Қысқы кезеңдегі жүктеме max. - 769 МВт

ӘЖ, КЖ ұзындығы- 34 293,5 км, о.і.:
ЭБЖ 35-220 кВ – 9 190,518 км
ЭБЖ 0,4-6-10 кВ – 23 429,4 км
КЖ 0,4-6-10 кВ – 1 673,6 км



«Шығысэнерготрейд» ЖШС – «БЭСК» АҚ еншілес компаниясы.

«Шығысэнерготрейд» Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (бұдан әрі – Серіктестік) «БЭСК» АҚ Энергосбыт базасында 2004 жылы 28 қыркүйекте құрылды (ШҚО Әділет департаментінде заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы 28.12.2011 ж. № 365-1917-01-ЖШС куәлігі). - Парламент «Электр энергетикасы туралы» Заңды қабылдағаннан кейін. Осы Заң электр энергетикасын дамытудың 2030 жылға дейінгі бағдарламасында көзделген жаңа нарықтық модельді енгізу шеңберінде электр энергиясын энергиямен жабдықтау жөніндегі қызметтен беру жөніндегі қызметті бөледі.

Серіктестіктің жалғыз қатысушысы «Біріккен ЭнергоСервистік Компаниясы» АҚ болып табылады.

«Шығысэнерготрейд» Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі Жарғыға сәйкес негізгі қызмет түрі электр энергиясын сатып алу және тұтынушыларға сатып алынған электр энергиясын сату болып табылады (28.03.2014 ж. № 14004072 «Энергиямен жабдықтау мақсатында электр энергиясын сатып алу» қызметін жүзеге асыруға лицензия).

Заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы куәлікке және кәсіпорын жарғысына сәйкес кәсіпорынның атауы:

Мемлекеттік тілде «Шығысэнерготрейд» Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі;

Орыс тілінде Товарищество с ограниченной ответственностью «Шығысэнерготрейд».

Кәсіпорынның мекен-жайы

F02E4F5, Қазақстан Республикасы, ШҚО,

Өскемен қ., Антона Чехова к-сі, 70,

тел. 8 (7232) 56-98-80, факс 60-25-55,

e-mail: shygys@shygys.kz,

ЖСК: №KZ046017151000000396,

БСК HSBKKZKX, Банк «Halyk Bank» АҚ,

БСН 040940000029

КОМПАНИЯНЫҢ ТАРИХЫ



«БЭСК» АҚ КОМПАНИЯСЫНЫҢ ТАРИХЫ

Жыл	Даму кезеңдері
1997 жыл	«Алтайэнерго» біртұтас энергетикалық жүйе ретінде өмір сүруін тоқтатты, Шығыс Қазақстан желілері дербес заңды тұлға болды. Магистральдық желілер мен қосалқы станциялар «KEGOC» АҚ-ға берілді. Жеке заңды тұлға – «Шығыс Қазақстан аймақтық энергетикалық компаниясы» жабық Акционерлік қоғамы құрылды.
1999 жыл	«ШҚ АЭК» ЖАҚ Семей филиалымен бірге AES корпорациясының басқаруына берілді.
2001 жыл	Шығыс Қазақстан облысы бойынша шығындарға қарсы күрес жөніндегі іс-шаралар кешені іске асырылуда.
2004 жыл	Қазақстан Республикасының энергия беруші және энергиямен жабдықтаушы ұйымдардың функцияларын бөлу туралы заңнамасының талаптарына сәйкес, «ШҚ АЭК» АҚ Энергия өткізу базасында ШҚО электр энергиясын кепілдік беруші «Шығысэнерготрейд» ЖШС құрылды. «ШҚ АЭК» АҚ өзін көтеруші оқшауланған сымды қолдануды бастайды. Электр энергиясын коммерциялық есепке алудың автоматтандырылған жүйесін енгізу туралы шешім қабылданды. Бұл жоба өзін көтеруші оқшауланған сымды қолдану жобасы сияқты ҚР-да басқа электржелілік компаниялар арасында бірінші болды.
2005 жыл	«Шығыс Қазақстан аймақтық энергетикалық компаниясы» ЖАҚ «Шығыс Қазақстан аймақтық энергетикалық компаниясы» АҚ-да қайта тіркелді.
2006 жыл	Шығыс және Семей аймақтары «ШҚ АЭК» АҚ бірыңғай тарату компаниясына біріктірілді.
2008 жыл	Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен бекітілген «Қазақстан Республикасының индустриялық-инновациялық дамуының» 2003-2015 жылдарға арналған Стратегиясын орындау мақсатында «ШҚ АЭК» АҚ TÜV SÜD Management Service GmbH (Германия) сертификаттау жөніндегі органда: ISO 14001 және BS OHSAS 18001 стандарты талаптарының негізінде менеджменттің интеграцияланған жүйесін енгізді және сертификаттады.
2010 жыл	«ШҚ АЭК» АҚ Қазақстанның алғашқы кәсіпорындарының бірі болып тәжірибелік, содан кейін бірінші деңгейдегі ЭКЕАЖ өнеркәсіптік пайдалануға енгізуді орындады. Электр энергиясын коммерциялық есепке алудың автоматтандырылған жүйесін енгізу тәжірибесі ТМД бойынша үздік деп танылды.
2011 жыл	«ШҚ АЭК» АҚ TÜV SÜD Management Service GmbH (Германия) сертификаттау жөніндегі органда: ISO 9001, ISO 14001 және BS OHSAS 18001 үш халықаралық стандартының талаптары негізінде менеджменттің интеграцияланған жүйесін енгізді және сертификаттады.
2012 жыл	«ШҚ АЭК» АҚ және «Шығысэнерготрейд» ЖШС «Самұрық-Энерго» АҚ энергетикалық холдингіне сенімді басқаруға берілді.
2015 жыл	Қазақстан Республикасы Қоршаған орта және су ресурстары министрлігінің және БҰҰДБ «ПХД басқару бойынша кешенді жоспарды әзірлеу және орындау» бірлескен жобасы бойынша (2010 жылдан бастап) құрамында ПХД бар конденсаторларды Лион қаласында (Франция) жоюға шығару жүргізілді, оның ішінде «ШҚ АЭК» АҚ - дан 331 конденсатор.
2014-2017 жж.	«ШҚ АЭК» АҚ инвестициялық бағдарламасы аясында жыл сайын желілер мен электр жабдықтарын қайта жаңарту, ауыстыру және жөндеу жұмыстары жүргізілуде, осыған байланысты электрмен жабдықтау сенімділігі жоспарлы түрде жоғарылауда.
2014 – 2017 жж.	80 000 астам абонентте АСКУЭ енгізу бойынша жұмыстар орындалды.
2017 жыл	2017 жылғы 14 желтоқсанда «Самұрық-Энерго» энергетикалық холдингі АҚ жаңа меншік иесіне - «Шығыс Қазақстандық энергетикалық компаниясы» ЖШС-не сатылды.
2018 жыл	«ШҚ АЭК» АҚ бақылау аудитінен өту аясында 2015 жылғы жаңа нұсқадағы ISO 9001 және ISO 14001 халықаралық стандарттарының талаптарына сәйкестікке табысты көшуді жүзеге асырды.
2018 жыл	«ШҚ АЭК» АҚ мен Еуразиялық даму банкі өзара түсіністік туралы Меморандумға қол қойды
2018 жыл	Семей аудандық электр желілерінің 100 жылдығы. «Мінсіз қызметі үшін» жоғары корпоративтік медалінің құрылуы Семей аудандық электр желілерінің 100 жылдығына орай «100 жыл Семей электр желісі» мерейтойлық медалі белгіленді.
2019 жыл	Шығыс Қазақстан электр желілерінің 70 жылдық мерейтойын мерекелеу. «Мінсіз қызметі үшін» жоғары корпоративтік медалімен және бағалы сыйлықпен марапаттау, Энергетика министрлігінің, КЭО марапаттарын және III дәрежелі «Еңбек Даңқы» орденін табыстау.
2020 жыл	«ШҚ АЭК» АҚ БМЖ қайта сертификаттау аудитінен өту аясында ISO 45001:2018 жаңа халықаралық стандартының талаптарына сәйкес келуге сәтті көшті
2021 жыл	2021 жылғы 4 наурызда заңды тұлғаны атауын өзгертуге байланысты мемлекеттік қайта тіркеу жүргізілді, «Шығыс Қазақстан Аймақтық Энергетикалық Компаниясы» АҚ «Біріккен ЭнергоСервистік Компания» АҚ болып атауына өзгертілді
2021 жыл	«БЭСК» АҚ БМЖ бақылау аудитінен сәтті өтті, қолданыстағы ISO 9001, ISO 14001, ISO 45001 сертификаттары алынды
2022 жыл	«БЭСК» АҚ БМЖ бойынша бақылау аудитінен өту шеңберінде ISO 9001, ISO 14001, ISO 45001 халықаралық стандарттарының талаптарын растады
2023 жыл	«БЭСК» АҚ БМЖ бойынша қайта сертификаттау аудитінен өту шеңберінде ISO 9001, ISO 14001, ISO 45001 халықаралық стандарттарының талаптарын растады.

«ШЫГЫСЭНЕРГОТРЕЙД» ЖШС КОМПАНИЯСЫНЫҢ ТАРИХЫ

10

Жыл	V, Млн. кВт.сағ.	Тұрмыстық тұтынушылар үшін ҚҚС-мен орташа тариф	УУК*, %	Даму кезеңдері
2004				28 қыркүйек заңды тұлғаны тіркеу
2005	1 958	3,3	96	Кассалық әдістен ә/э үшін төлем есептеуге көшу, «APLOS» биллингтік бағдарламалық қамтамасыз етуді енгізу
2006	2 096	3,91	97	ҚӨО ашу, төлемнің баламалы тәсілдері бойынша жобаларды әзірлеу
2007	2 123	4,9	94	Тұтынушылар үшін жылу және электрмен жабдықтау мәселелері бойынша бірыңғай Call Center құру, Қостанай мен Қызылордада бөлімшелер ашу
2008	2 224	5,6	-	ISO 9001: 2000 сертификаттау, Қызылорда және Қостанайда бөлімшелердің жабылуы
2009	2 202	6,2	95	Биллинг бағдарламалық қамтамасыз етуді жаңғырту, қосымша табыс бойынша жобалар-есептеу құралдарын және жарықдиодты өнімдерді сату, шот айналымындағы жарнама
2010	2 262	7,48	86	KAIDZEN және APEX үздіксіз жетілдіру стратегиясы, баламалы төлем жолдары (сайт арқылы төлем, Handy Pay, төлем терминалдары)
2011	2 542	8,13	97	Алғаш рет жыл табысты аяқталды, ISO 9001:2008 қайта сертификаттау
2012	2 668	9,14	95,3	«Самұрық-Энерго» АҚ Басқармасы, электрмен жабдықтау және сумен жабдықтау мәселелері бойынша қызмет көрсететін байланыс орталығының активтері қабылданды, ҚӨО-да «электрондық кезек», бейнебақылау (31 учаскеде) жобалары жүзеге асырылды
2013	2 576,5	10,22	97,1	Биллингтік бағдарламалық қамтамасыз етуді жаңарту, Жезкент және Усть-Таловка кентінің тұтынушылары қосылды, корпоративтік басқару жүйесі енгізілуде: басқару органдары, Даму стратегиясы, тәуекелдерді басқару жүйесі бекітілді
2014	2 659	10,87	97,2	www.shygys.kz корпоративтік сайтта «жеке кабинет» енгізілді, байланыс орталығына 12 аудан мен заңды тұлғалар қосылды
2015	2 643	10,516	98	Комиссиясыз автоматтандырылған кассалар, sms-шот және электр энергиясы қарызы туралы sms-ақпарат, Байланыс Орталығына 7 аудан қосылды, Жеке кабинетте «есеп айырысу калькуляторы» әзірленді
2016	2 671	10,509	98,4	1С 8.3 платформасына көшу, электрондық шот-фактуралармен жұмыс бойынша Мемлекеттік салық органдарының порталдарымен есептік жүйелерді интеграциялау, www.shygys.kz сайтта «жеке кабинет» жаңартылды, Android және iOS базасында мобильді құрылғыларға арналған «жеке кабинет» енгізілді
2017	2 618	11,088	98	Шемонаиха ауданының Жезкент және Усть-Таловка к. т тұтынушыларын энергиямен жабдықтау, Өскемен және Семей қ. операторлардың жұмысын бағалау үшін «дауыс беру түймелері» жүйесін орнату, ISO 9001:2015 жаңартылған нұсқасының талаптарына сәйкестігін сертификаттау
2018	2 632	11,642	-	Қадағалау кеңесін алып тастау бөлігінде Серіктестік органдарына өзгерістер енгізу; ұйымдастыру құрылымын оңтайландыру; ISO 9001:2015 сертификатынан бас тарту
2019	2515	11,642	-	Тұтынушылардың шағымдарына байланысты Өскемен қаласының Сол жағалау учаскесінің кеңсесі ашылды. Тұтынушылардан қосымша өтінімдерді қабылдау WhatsApp арқылы жүзеге асырыла бастады. Төлем терминалдарын онлайн фискализациялауға көшу жүргізілді.
2020	2 525	11,642	-	Еңбек шарттарының enbek.kz автоматтандырылған электрондық есебіне 100% ауысу жүргізілді. Shygys.kz сайтының интерфейсі мен дизайны жаңартылды. Cubic АЖ өнімділігін жақсартатын жаңа есептеу ресурстары (серверлер) пайдалануға енгізілді (ескі серверде жабу 2 күн бойы жүзеге асырылатын, осыған байланысты облыс бойынша терминалдар тұтынушылардан төлемді онлайн режимінде қабылдай алмайтын, жаңасында 8 сағат ішінде).
2021	2 710	01.06.2021 бастап - 12,80702.11.2021 бастап - 13,447	-	Байланыс орталығының интерактивті мәзірін өзгерту бөлігінде КЦ-ға дауыстық хабарламаны енгізу. Шот-хабарламаның жаңа форматын енгізу. Қызмет көрсету сапасын бағалау бойынша тұтынушылардың электрондық сауалнамасын енгізу.
2022	2775	01.01.2022 бастап - 13,44701.10.2022 бастап - 14,202	-	Telegram-Bot қызметін енгізу. Дауыстық поштаға көрсеткіштерді тапсыру қызметін енгізу. Өскемен қ. ҚӨО жұмыс кестесін түзету (жұмыс күні қосылды - сенбі сағат 8.00-17.00). Семей қ. ҚӨО жұмыс кестесін түзету (жұмыс күні қосылды - сенбі сағат 8.00-14.00). Байланыс орталығының жұмыс кестесін түзету (сағат 19.00-ге дейін). «Шығысэнерготрейд» ЖШС қызметкерлерін «БЭСК» АҚ апаттық ажыратулар бойынша жалпы чатына қосу. «Шығысэнерготрейд» ЖШС орталық кеңсесінің көшуі (Өскемен қ., Чехов к-сі, 70).
2023	2 864	01.10.2022 бастап - 14,20204.07.2023 бастап - 15,62207.12.2023 бастап - 17,184	-	«Цифрлық Қазақстан» Мемлекеттік бағдарламасын орындау аясында компанияда сервистер енгізілді - мобильді қосымша және WhatsApp - Bot. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес электр энергиясын сатып алу электр энергиясын бірыңғай сатып алушыдан жүзеге асырылады - «Жаңартылатын энергия көздерін қолдау жөніндегі қаржы-есеп айырысу орталығы» ЖШС («ЖЭК бойынша ҚАО» ЖШС) - ҚР Энергетика министрлігінің ведомстволық бағынысты ұйымы. Байланыс орталығының жұмыс кестесін түзету (сағат 18.00-ге дейін). Еріктілік қозғалыс шеңберінде төрт іс-шара өткізу.

Сәуір

Электр энергиясын беру бойынша көрсетілетін қызметке бекітілген инвестициялық бағдарламаның орындалуы, 2022 жылғы бекітілген тарифтік сметаның орындалуы туралы жыл сайынғы есептің көпшілік тыңдауы өтті.

Маусым

ISO 9001 сапа менеджменті жүйесінің, ISO 14001 экологиялық менеджмент жүйесінің, ISO 45001 денсаулық сақтау және еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету менеджменті жүйесінің халықаралық стандарттарының талаптарына сәйкестікке БМЖ бойынша сыртқы бақылау аудиті жүргізілді.

Шілде

Электр энергиясын беру бойынша көрсетілетін қызметке бекітілген инвестициялық бағдарламаның орындалуы, 2023 жылдың 1 жартыжылдығы бойынша бекітілген тарифтік сметаның орындалуы туралы есептің көпшілік тыңдауы өтті.

Қыркүйек

«БЭСК» АҚ көстеге сәйкес негізгі және қосалқы жабдықтарды, ғимараттар мен құрылыстарды жоспарланған барлық жөндеу жұмыстары орындалды. Бұған жылдың басты құжатын – 2023-2024 жылдардағы күзгі-қысқы кезеңдегі жұмысқа дайындық төлқұжатын алу дәлел болды. Жұмысқа дайындық төлқұжатын алу – компанияның бүкіл ұжымының қажырлы еңбегінің нәтижесі.

Желтоқсан


Қызметкерді медальдар және төсбелгілермен, ҚР Энергетика министрлігінің, КЭА, Шығыс Қазақстан облысы әкімінің, Өскемен қаласы әкімінің, Директорлар кеңесінің, Басқарма төрағасының құрмет грамоталарымен және алғыс хаттарымен марапаттау өткізілді.

ЖЫЛДЫҢ БАСТЫ ОҚИҒАЛАРЫ

«ҚРҰЭМТМРК ШҚО бойынша департаменті» РММ (ТМЖБД) 21.08.2020 ж. №118-ОД бұйрығымен «БЭСК» АҚ 2021-2025 жж. ұзақ мерзімді кезеңге көрсететін электр энергиясын беру қызметтеріне тарифтер мен тарифтік сметалардың шекті деңгейлері бекітілді. Тарифтердің динамикасы тарифтерді олардың қолдану мерзімі аяқталғанға дейін өзгертуді көздейді.

2023 жылдың ішінде 2 тариф қолданылды: 01.01.2023 ж. бастап 05.09.2023 ж. бойынша – ҚҚС есебінсіз 8,75 теңге/кВтсағ., 06.09.2023 ж. бастап 31.12.2023 ж. бойынша – ҚҚС есебінсіз 10,10 теңге/кВтсағ.

Тарифтердің бекітілген деңгейі	2021 жыл	2022 жыл	2023 жыл	2024 жыл	2025 жыл
теңге/кВт*сағ, ҚҚС есебінсіз	6,94	7,68	10,10	11,39	12,53



Қаңтар

Жалақыны көтеру

Кадрлар айналымының төмендеуі

Маусым

Сервис - Мобильді қосымша енгізілді

КЦ жүктемесін азайту

Маусым, қыркүйек, желтоқсан

Еріктілік бойынша 4 іс-шара өткізу

1. Балалар үйіне көмек. Өскемен қ.
2. Балаларға мектепке жиналуға көмектесу. Соқырлар қоғамы. Семей қ.
3. Донорлық.
4. Vita-Мирдің «Тілектер шыршасы» акциясына қатысу (аз қамтылған балалар).

Қаңтар - желтоқсан

Мүмкіндігі шектеулі адамдарға арналған жұмыс орындарының квотасын жабу

Заңнаманы бұзушылықтардың болмауы

Қазан

КЦ жұмыс кестесін 18 сағатқа дейін өзгерту

Кадрлардың тоқтаусыздығының азайту

Қаңтар - желтоқсан

Серіктестіктің 34 құрылымдық бөлімшелерінде ішкі тексерулер жүргізу

ІНҚ талаптарын орындау бойынша түзету іс-шаралары

Қараша - желтоқсан

Қызметкерлерге аттестаттау өткізілді

Қызметкерлердің біліктілігін растау

Шілде

Көтерме нарық моделін өзгерту, ЭТН және ЕЗ енгізу

ҚР ЕО-да э/э тапшылығының болмауы

Қыркүйек

Сервис - WhatsApp-Bot енгізілді

КЦ жүктемесін азайту

Қаңтар - желтоқсан

26 ішкі оқытуды өткізу (ГСО – 3, ОРП – 4, Канц. – 2, ДСР – 3, ЮО – 2, ОВДЗ – 2, КЦ – 4, ОБУ – 1, ОЗ – 3, ОИТ – 1), 1 сыртқы оқытуды өткізу

90,1% қанағаттану деңгейіне жету

ЖЫЛДЫҢ БАСТЫ ОҚИҒАЛАРЫ

05 мамыр 2023 ж.

«Донор күні» акциясы

#100игіс бағдарламасы аясында «БЭСК» АҚ Жастар Орталығы Абай облыстық денсаулық сақтау басқармасының «Облыстық қан орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы КМК қолдауымен донорлық акция өткізді. Көптеген жылдар бойы компания қызметкерлері ұйымдасқан корпоративтік қан тапсыру акцияларында да, өз бастамалары бойынша да қан доноры ретінде әрекет етіп келеді.



25 мамыр 2023 ж.

«БЭСК» АҚ қызметкерлері арасында спартакиада

25-26 мамыр аралығында «БЭСК» АҚ қызметкерлері арасында спартакиада өтті. Спартакиада аясында біріккен 8 батыл команда төрт спорт түрінен өздерінің физикалық күштерін, ептіліктерін және жоғары интеллект деңгейлерін көрсетті.



Халықаралық балаларды қорғау күні

1 маусым 2023 ж.

«БЭСК» АҚ энергетиктері Балалар ауылының тәрбиеленушілерін Халықаралық Балаларды қорғау күнімен құттықтады.

#100игіс бағдарламасы аясында компания қызметкерлері Өскемен қ. «Отбасы үлгісіндегі балалар ауылы» КММ барып қайтты.



Су тарату акциясы

9 маусым 2023 ж.

#100игіс акциясы аясында «БЭСК» АҚ Жастар орталығының қатысушылары Өскемен қ. тұрғындарына салқын су бөтелкелерін таратты.



16 тамыз 2023 ж.

«БЭСК» АҚ объектілері бойынша баспасөз туры

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияны реттеу комитеті департаментінің қызметкерлері «Біріккен ЭнергоСервистік Компания» АҚ объектісі бойынша баспасөз турына қатысты. Турдың негізгі нысаны Семей қ. № 7 қосалқы станция болды. Осы объектіге бару барысында баспасөз турына қатысушылар инвестициялық бағдарламамен, оның ішінде бекітілген инвестициялық бағдарлама шеңберінде 2023 жылы не орындалғаны және нені орындау жоспарланғанымен танысты.



7 қыркүйек 2023 ж.

«БЭСК» АҚ қызметкерлері заттар жинау акциясын өткізді

#100игіс бағдарлама аясында компания қызметкерлері Семей қ. аз қамтылған отбасылар үшін заттар жинады. Жастар орталығының қатысушылары «Жылулық сыйла» ұранымен аз қамтылған отбасыларға одан әрі тарату үшін Семей қ. «Әнет Баба» мешітіне заттарды тапсырды.



«ЖАҢА» қосалқы станциясының ашылуы

21 қыркүйек 2023 ж.

Өскемен қаласының құрылыс бөлімі «БЭСК» АҚ-мен бірлесіп тестілік режимде 25 МВт-қа «ЖАҢА» қосалқы станциясының техникалық бөлігін іске қосты. Қосалқы станция деректерді қашықтықтан бақылауды қамтамасыз ететін жаңа технологиялармен жабдықталған. Бұл 5000-нан астам жаңа абонентті үздіксіз электр энергиясымен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді, осылайша «Спорт кешені», «Драмтеатр», «27» шағын аудандарында және салынып жатқан жаңа тұрғын аудандарда электр энергиясының тапшылығы қаупін болдырмауға мүмкіндік береді.



«БЭСК» АҚ Риддер АЭЖ ғимаратында «Шығысэнерготрейд» ЖШС учаскесінің ашылуы

19 қазан 2023 ж.

ЖҚО (Жеке Қызмет көрсету Орталығы) – учаскесінің кең кеңсесі өзінің алғашқы келушілерін 2023 ж. 19 қазанында қарсы алды.

«БЭСК» АҚ «Шығысэнерготрейд» ЖШС арнап үлкен және жайлы үй-жай ұсынды. Жөндеу жұмыстарын «БЭСК» АҚ жөндеу-құрылыс қызметімен «Шығысэнерготрейд» ЖШС қызмет көрсету кезінде тұтынушылардың неғұрлым ыңғайлы болуына арнап және компания қызметкерлерінің еңбек жағдайларын жақсарту үшін жүргізді.



27 қараша 2023 ж.

«Біз қатардамыз» челленджі

«БЭСК» АҚ қызметкерлері «АЭС Шүлбі СЭС» ЖШС #ЭнергичнаяГимнастика челленджіне қатысты @shges.kz.

Біздің компанияда әр жұмыс күнінің басында жаттығу жүргізу дәстүрі қалыптасты.



22 желтоқсан 2023 ж.

Энергетик күні

Желтоқсан айының 22-сі күні «Біріккен Энергосервистік Компаниясы» Акционерлік қоғамы кәсіби мерекесін атап өтіп, үздік қызметкерлерді марапаттады.



«Жоспарлы ажыратулар»

Апта сайын

Апта сайын Баспасөз орталығы «БЭСК» АҚ ресми сайтында, сондай-ақ компанияның Инстаграм әлеуметтік желісіндегі ресми аккаунтында апатты жағдайлардың алдын алу үшін жоспарлы ажырату/ажырату туралы халықты хабардар ету бойынша жұмыс жүргізеді.

«Апта жаңалықтары»

Апта сайын

Компанияда болып жатқан оқиғалар туралы ақпаратты жеткізу мақсатында апта сайын корпоративтік онлайн газет шығарылады.

«Тәуекелдер туралы есеп»

Квартал сайын

Күн сайын Баспасөз орталығы «БЭСК» АҚ-ның ескертулеріне БАҚ мониторингі бойынша жұмыстарын жүргізуде.

2023 жылы барлығы 49 басылым шықты. Оның ішінде жақсы – 13, бейтарап – 36, теріс – 0.

«БАҚ-тан сұраулар»

Түсуіне қарай

Түсуіне қарай баспасөз орталығы БАҚ-тан сұрауға ресми жауап дайындайды. Сондай ақ тұтынушылармен және өзге де мүдделі тұлғалармен Инстаграм әлеуметтік желісіндегі компанияның ресми аккаунты арқылы олардың жеке сұрауы бойынша жұмыс жүргізілуде.

Апаттық сөну

Түсуіне қарай

Ақпараттың қолжетімді болуына қарай Баспасөз орталығы Instagram әлеуметтік желісіндегі «БЭСК» АҚ компаниясының ресми парақшасында тұтынушыларды апаттық жарықтың өшуі туралы ақпараттарды хабардар ету және қалпына келтіру жұмыстары жүргізеледі. Біз сондай-ақ тұтынушылармен және басқа да құзырлы органдарымен яғни олардың өтінішімен сұрақтары бойынша жұмыс жасаймыз.

БІРІКТІРІЛГЕН МЕНЕДЖМЕНТ ЖҮЙЕСІ ЖӘНЕ ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ

«БЭСК» АҚ халықаралық стандарттардың талаптарына сәйкес келетін біріктірілген менеджмент жүйесін енгізді және сертификаттады: ISO 9001:2015 - сапа менеджменті жүйесі (СМЖ), ISO 14001:2015 экологиялық менеджмент жүйесі (ЭМЖ), ISO 45001:2018 - Денсаулық сақтау және еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету менеджменті жүйесі (ДСЖЕҚМЖ).

ISO 9001:2015, ISO 14001:2015 және ISO 45001:2018 талаптарына сәйкестік сертификаттарын CERT International сертификаттау органы 07.07.2026 жылға дейінгі қолданыс мерзімімен берді.

ISO 9001, ISO 14001, ISO 45001 және ISO 17025 халықаралық стандарттарының талаптарына сәйкестік сертификаттарын растау жыл сайын қайта сертификаттау / байқау аудиттері түрінде өтеді

2023 жылдың маусымында БМЖ бойынша сыртқы қайта сертификаттау аудиті жүргізілді, жаңа ISO 9001, ISO 14001, ISO 45001 сертификаттары алынды.

Сапа жүйесіне тәуекелге бағдарланған тәсіл туралы стандарттардың талаптарына сәйкес Кәсіпорында тәуекелдерді басқару жүйесі қолданылады. Компанияның тәуекелдері мен мүмкіндіктерінің тізілімі жыл сайынғы негізде қайта қаралады, нақтыланады немесе толықтырылады, басқарманың шешімімен бекітіледі. Квартал сайын құрылымдық бөлімшелердің тәуекелдері бойынша есеп қалыптастырылады және басқарма отырысында қаралуға және бекітілуге шығарылады. Қажет болған жағдайда тізілім өзектендіріледі және толықтырылады.



ЕҢБЕКТІ ҚОРҒАУ, ҚАУІПСІЗДІК ТЕХНИКАСЫ ЖӘНЕ ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ

Есепті 2023 жылы «БЭСК» АҚ өндірістік қауіпсіздік, еңбекті қорғау және қызметкерлермен жұмыс істеу саласында елеулі жұмыстар атқарылды. Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің талаптарына сәйкес компанияның қызметкерлері жаңа технологиялар мен материалдарды қолдана отырып дайындалған заманауи жеке және ұжымдық қорғаныс құралдарымен, өрт сөндіру құралдарымен, медициналық дәрі қобдишалармен, қауіпсіздік плакаттарымен, ыңғайлы және сапалы арнайы киім мен арнайы аяқ киіммен толық жабдықталған.

Денсаулық сақтау жағдайына және еңбек қауіпсіздігіне бақылауды жүзеге асыру кәсіпорында белгіленген тәртіптерге сәйкес жүргізіледі. Денсаулық сақтау мен еңбек қауіпсіздігіне елеулі әсер етуі мүмкін операциялық қызметтің негізгі сипаттамалары өлшенеді, бұл мониторинг пен өлшеу КН 01-04 «Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бойынша өндірістік бақылау» талаптарына сәйкес және кәсіпорынның әрбір құрылымдық бөлімшесінде ай сайынғы ҚТ күндерін өткізу жолымен, энергия объектілеріндегі еңбек қорғау, қауіпсіздік техникасы жағдайын жақсартуға және өрт қауіпсіздігін арттыруға бағытталған қорытынды бұйрықтар шығару арқылы жүргізіледі. Зиянды еңбек жағдайларында қызметті жүзеге асыратын қызметкерлер үшін жеңілдіктер мен кепілдіктерге қатысты заңнамалық-құқықтық және нормативтік құжаттардың талаптары толық орындалады.

«Электр және жылу энергиясын өндіруді, беруді және бөлуді жүзеге асыратын ұйымдар басшыларының, мамандарының техникалық пайдалану ережелерін және қауіпсіздік ережелерін білуіне біліктілік тексеру жүргізу ережесі» негізінде «БЭСК» АҚ-да бекітілген кесте бойынша барлық өндірістік қызметкерлердің біліміне біліктілік тексеру жүргізіледі. 2023 жылы «БЭСК» АҚ жұмыс істеп тұрған комиссияларында 1 877 адам біліктілік тексеруден өтті (оның ішінде Кәсіпорынның Орталық комиссиясында 404 адам, АЭЖ/аймақтардың құрылымдық бөлімшелерінің/техникалық басқармалардың/ қызметтердің комиссияларында 1 473 адам).

ЕҢБЕКТІ ҚОРҒАУ, ҚАУІПСІЗДІК ТЕХНИКАСЫ ЖӘНЕ ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ

Жаңадан қабылданған және іссапарға жіберілген қызметкерлерге, ҚМҰ қызметкерлеріне, сондай-ақ студент-практиканттарға кіріспе нұсқаулар жүргізіледі. 2023 жылы 1 326 дана (оның ішінде 628 дана - жаңадан қабылданған қызметкерлерге, 463 дана - мердігерлік ұйымдар мен ҚМК қызметкерлеріне, 235 дана - практиканттарға) кіріспе нұсқаулықтар өткізілді.


Электротравматизмнің алдын алу бойынша халықпен электр тогымен зақымдану қаупі туралы жұмыс жүргізілуде. Мектептерде әңгімелесулер өткізіліп, балалар электр жарақатының алдын алу бойынша БАҚ-та жарияланымдары бар. 2023 жылы АЭЖ ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ инженерлері, ЕҚ, ҚТ және ЭҚ инженерлері Шығыс Қазақстан облысының және Абай облысының мектептері мен лицейлерінде электр қауіпсіздігі бойынша 164 сабақ өткізді.

Қазақстан Республикасының энергетикалық ұйымдарында қызметкерлермен жұмыс істеу ережелеріне» сәйкес барлық басшы құрам еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мәселелері бойынша мерзімді оқытудан өтеді. Сондай-ақ, өрт - техникалық білім алу және тереңдету мақсатында компания қызметкерлеріне 2 805 адам (оның ішінде басшыларға - 151 адам, қызметкерге - 2 654 адам) бекітілген бағдарлама бойынша өрт-техникалық минимум өткізілді.

2023 жылы «БЭСК» АҚ қызметкерлерімен 2 жазатайым оқиға орын алды. Барлық жазатайым оқиға бойынша тергеу Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 20-тарауының талаптарына сәйкес жүргізілді. Жазатайым оқиғаның себептері анықталады, ұқсас жазатайым оқиғалардың алдын алуға бағытталған түзету шаралары жасалып, жүзеге асырылады.

«БЭСК» АҚ электр қондырғыларында жұмыстарды орындау үшін құрылыс-монтаж ұйымдарының (бұдан әрі - ҚМҰ) қызметкерлерін жіберу ҚР ЭМ 31.03.2015 жылғы № 253 бұйрығымен бекітілген Электр қондырғыларын пайдалану кезіндегі қауіпсіздік техникасы қағидаларының 491-506 - тармақтарының және ішкі нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкес жүргізіледі.

ӨНДІРІСТІК ЖАРАҚАТТАНУ ДИНАМИКАСЫ



ЕҢБЕКТІ ҚОРҒАУ, ҚАУІПСІЗДІК ТЕХНИКАСЫ ЖӘНЕ ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ

ЕҢБЕКТІ ҚОРҒАУ ШЫҒЫНДАРЫ, МЫҢ ТЕҢГЕ

Көрсеткіштер	2020 ж.	2021 ж.	2022 ж. (12 ай)	2023 ж. (12 ай)
БАРЛЫҒЫ:	379 419	525 282	389 725	386 233
Материалдар: о.і.	299 996	422 055	289 673	271 255
Сабын жуғыш құралдар, дәрі-дәрмектер	12 748	14 085	16 270	18 974
Арнайы киім, арнайы аяқ киім	161 220	197 220	192 307	186 060
Арнайы тамақ, сүт	15 279	15 334	15 314	20 231
Техникалық әдебиет, стендтер, плакаттар, бланкілер	1 046	4 280	4 737	-
Жеке қорғану құралдары	73 605	93 287	18 705	40 454
Өзге материалдар	6 889	11 225	3 587	5 406
Құрал	28 238	62 506	25 137	107
Еңбекті қорғау жөніндегі өзге де шығыстар: о.і.	79 423	103 227	100 052	114 978
Жылдық медициналық тексеру	15 637	15 169	16 380	18 669
Өндірістік объектілерді еңбек жағдайлары бойынша аттестаттау	--	13 740	--	--
Ауысым алдындағы медициналық тексеру	33 281	39 135	40 780	48 356

«БЭСК» АҚ ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ

2021 жылғы 15 қарашада Қазақстан Республикасы Экология, Геология және табиғи ресурстар министрлігі Экологиялық реттеу және бақылау комитетінің «Шығыс Қазақстан облысы бойынша экология департаменті» РММ қоршаған ортаға теріс әсер ететін объектінің III санатын анықтады.

«БЭСК» АҚ өндірістік экологиялық бақылау 2018-2027 жылдарға арналған өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасы негізінде жүргізіледі.

Кәсіпорынның өндірістік алаңдарында түгендеу қорытындысы бойынша атмосфераға ластаушы заттардың 416 шығарынды көздері бар, оның ішінде:

Ұйымдастырылған шығарынды 112 көздері,

304 ұйымдастырылмаған көздер.

2023 жылы кәсіпорынның өндірістік-шаруашылық қызметі процесінде ұйымдастырылған ластану көздерінен атмосфералық ауаға ластаушы заттардың шекті жол берілетін шығарындылары тіркелмеген. Атмосфералық ауаға ластаушы заттардың нақты жалпы шығарындысы 2023 жылы 25,052 т/жыл болды, оның ішінде: қатты - 4,833 т/жыл, газ тәрізді және сұйық - 20,219 т/жыл, бұл белгіленген жалпы лимиттен аспайды - 25,052 т/жыл.

ЕҢБЕКТІ ҚОРҒАУ, ҚАУІПСІЗДІК ТЕХНИКАСЫ ЖӘНЕ ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ

02.06.2023 ж. ДП-16126 шартына сәйкес «Азиатская эколого-аудиторская компания» ЖШС кәсіпорынның санитарлық-қорғау аймағының шекарасында ластаушы заттардың шығарындыларын аспаптық өлшеу жүргізілді. Сонымен қатар, Кәсіпорынның санитарлық - қорғау аймағының шекарасындағы ластаушы заттардың шығарындылары бойынша нақты деңгей ең жоғары бір реттік және орташа тәуліктік мәннен аспайтындығы анықталды.

Жерасты сулары бойынша кәсіпорынның су тұтыну көлемі тәулігіне 50 м³ құрайды, жер асты суы шаруашылық-ауыз су және техникалық мақсаттарға пайдаланылады. ҚР Су кодексінің 66-бабының талаптарына сәйкес тәулігіне 50 м³-ден кем тұтыну кезінде арнайы су пайдалануға рұқсат алу талап етілмейді.

2023 жылы Семей, Глубокое, Таврия, Күршім және Катонқарағай АЭЖ ұңғымаларынан жер асты суын алу жүргізілді.

22.05.2023 ж. №ДП-16115 шартына сәйкес есепті жылы жүргізілген жерасты ұңғымаларының мониторингі «Азиатская эколого-аудиторская компания» ЖШС бес ұңғыманы зертханалық талдау бойынша: (Семей АЭЖ, Глубокое АЭЖ, Таврия АЭЖ, Катонқарағай АЭЖ, Күршім АЭЖ), Семей АЭЖ, Катонқарағай АЭЖ ұңғымаларынан жерасты суының сапасы шаруашылық-ауыз су және мәдени-тұрмыстық су пайдалану қауіпсіздігі көрсеткіштерінің гигиеналық нормативтеріне сәйкес келетінін және ауыз су ретінде пайдаланылуы мүмкін екендігін растады, сондай-ақ, Таврия АЭЖ мен Глубокое АЭЖ ұңғымаларынан жер асты суларын талдау судың екі көрсеткіш бойынша нормаларға сәйкес келмейтінін көрсетті: жалпы минералдану және керметтік, сондай-ақ Глубокое АЭЖ суы сульфаттардың құрамына сәйкес келмейді, осыған байланысты ол тек техникалық мақсаттарға ғана жарамды. Күршім АЭЖ ұңғымасынан шыққан су жалпы микробтық сан бойынша гигиеналық нормативтерге сәйкес келмейді осыған байланысты ол тек техникалық мақсаттарға жарамды.

2023 жылы 02.11.2023 ж. ДП-16292 шарты «ЭкоЛюкс-Ас» ЖШС-мен Аягөз АЭЖ құрамында ПХД бар 46 дана конденсаторларды жоюға жасалды. 2023 жылғы 24 қарашадағы №1 қабылдау-тапсыру актісіне сәйкес аталған конденсаторлар оларды одан әрі жою үшін «ЭкоЛюкс-Ас» ЖШС-не тапсырылды.

«БЭСК» АҚ ISO 14001:2015 халықаралық стандартының талаптарына сәйкес қоршаған ортаны қорғауды басқару жүйесі (экологиялық менеджмент жүйесі) қолданылады.

Май толтырылған жабдықты пайдалану/жөндеу кезінде майдың ағуы нәтижесінде топырақтың ластану қаупін азайту мақсатында 2023 жылы АЭЖ ТҚС, ЖТҚС ағымдағы жөндеулер жүргізілді.

Қоршаған ортаға теріс әсер ету тәуекелдерін азайту мақсатында 2023 жылы инвестициялық бағдарлама шеңберінде жұмыстар орындалды:

35 дана мөлшерінде май ажыратқыштарын 10 кВ вакуумдық ажыратқыштарға ауыстыру;

37 дана мөлшерінде май ажыратқыштарын 6-10 кВ вакуумдық ажыратқыштарға ауыстыру.

Өндіріс және тұтыну қалдықтары Кәсіпорынның өндірістік алаңдарында уақытша орналастыруды және сақтауды талап етеді. Өндіріс қалдықтарының түзілуінің рұқсат етілген көлемін анықтау бойынша есептеулер және қоршаған ортаның ластану деңгейінің қазіргі жағдайын бағалау талап етілмейді. Кәсіпорында өндіріс қалдықтарын сақтауға арналған жинақтағыштар жоқ. Қалдықтармен жұмыс істеу жобасын әзірлеу талап етілмейді.

2023 жылы ҚОҚ және табиғатты ұтымды пайдалануды, экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша өткізілетін ұйымдастырушылық және техникалық іс-шаралар тұтастай алғанда белгіленген нормаларға, ережелерге, нұсқаулықтар мен стандарттарға сәйкес келеді.

Еңбекті қорғау, қауіпсіздік техникасы және қоршаған ортаны қорғау «Шығысэнерготрейд» ЖШС

«Қызметкерлерді еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бойынша оқыту, нұсқау беру және білімдерін тексеру ережелері мен шарттары» сәйкес барлық басқарушы қызметкерлер қауіпсіздік және еңбекті қорғау бойынша мерзімді оқудан өтеді. «Ұйымдардың қызметкерлерін және көпшілікті өрт қауіпсіздігі шаралары бойынша оқыту ережелеріне және өрт қауіпсіздігі шаралары бойынша оқытуға арналған оқу бағдарламаларының мазмұнына қойылатын талаптарға» сәйкес ұйымның басшысы мен өрт қауіпсіздігі үшін жауапты адам өрт-техникалық минимумда оқытылды.

Жұмысшылардың еңбегін ұйымдастыру жүйесі

Компанияның кадр саясаты қызметкерлермен жұмыс істеу саласындағы ең үздік әлемдік тәжірибені ескере отырып, қазіргі тәсілдерді, Кадрлық менеджменттің жинақталған әдістері мен құралдарын біріктіруге арналған, осылайша, қызметкерлерді басқару саласындағы компаниялар тобының бірыңғай тәсілді қалыптастыруға және корпоративтік құндылықтар жүйесін әзірлеуге мүмкіндік береді.

Компания тобының әлеуметтік тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін мынадай іс-шараларды іске асыру көзделген:

Серіктестікте еңбек уақытын жоғалтуға әкеп соққан жазатайым оқиғалардың болмауы;

Қызметкерлердің тұрақсыздығын 20%-ға дейін тоқтату/төмендету;

Серіктестікке қатысты айыппұл санкцияларын қолдануға әкеп соғатын ҚР заңнамасын бұзушылықтардың болмауы.

«БЭСК» АҚ МЕТРОЛОГИЯ БАСҚАРМАСЫ

Метрология басқармасы (бұдан әрі – МБ) «Біріккен ЭнергоСервистік Компания» Акционерлік қоғамының құрылымдық бөлімшесі болып табылады және электр энергиясын беруді жүзеге асыру кезінде «БЭСК» АҚ өлшеулердің бірлігі мен талап етілетін дәлдігін қамтамасыз ету, метрологиялық бақылауды, сондай-ақ Кәсіпорынның өлшеу құралдары мен мониторинг құрылғыларын пайдалануды басқару мақсатында құрылған.

МБ зертханасы Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитетінің Ұлттық аккредиттеу орталығымен ГОСТ ISO/IEC 17025-2019 сәйкес электр шамаларын өлшеу құралдарын тексеру құқығына аккредиттелген, 04.11.2019 ж. № KZ P.07.0354 аккредиттеу аттестаты бар және аккредиттеу саласына сәйкес өлшеу құралдарын тексеру жөніндегі қызметті жүзеге асырады.

МБ СМ негізгі аумақта да, Шығыс Қазақстан облысы мен Абай облысында орналасқан шалғай жерлерде де орындалатын СИ тексеру жұмыстарын қамтиды. ПЛ тұрақты орналастырылатын барлық жерлерде және объектілерде жүзеге асырылатын қызмет үшін жауап береді.

ПЛ қызметкерлер, ұй-жайлар, тексеру жабдықтары және СИ тексеру жөніндегі қызметті жүзеге асыру үшін қажетті көмекші қызметтері бар.

ПЛ жеткілікті дәлдікті қамтамасыз ететін және техникалық сипаттамаларға сәйкес келетін қажетті жабдықтармен қамтамасыз етілген.

2023 жылы ПЛ-да жабдықтар сатып алынды:

1. Марс Тест-ТТ-5 жиынтығы. ГОСТ 8.217 - 2003 бойынша ТТ тексеруге арналған, құрамында:

1) реттелетін ток көзі ИТ5000

2) эталондық ток трансформаторы ТТИП

3) жүктеме жинағы МР3027

4) Энергомонитор 3.1KM үлгісіндегі эталондық көпфункционалды электр өлшеу құралы

5) реттелетін ток көзі «ИТ5000»

6) 0,05 класының өлшеу жылжымалы ТТИП эталондық ток трансформаторлары - 2 дана

Бұл жабдық ҚР ГСИ тізіліміне енгізілген. Қазіргі уақытта ПЛ Төлқұжатына жабдықтарды енгізу бойынша жұмыстар жүргізілуде.

Бұрын ток трансформаторларын тексеруге арналған жабдық тек Өскемен қ. болған, бұл жабдық Семей қаласында ток трансформаторларын тексеруге мүмкіндік береді, тексеру уақытын және Өскемен қаласына және кері тасымалдауға кететін шығындарды қысқартады.

4 дана Bosch GO Professional аккумуляторлық бұрағыш. Жиынтықтауға кіреді: кейс, Bosch GO Professional аккумуляторлық бұрағыш, Micro-USB кабелі.

Бұл жабдық ЭКЕАЖ санауыштарын жөндеу уақытын жеделдетуге, сондай-ақ тексеру жүргізу үшін аспаптарды тексеру қондырғысына жинақтау-бөлшектеу уақытын қысқартуға мүмкіндік береді.

Бөлшектеу дәнекерлеу станциясы, үлгісі АОУУЕ 701А++ 3 дана.

Бұл жабдық тексеру алдында ЭКЕАЖ санауыштарын жөндеуді (қуат элементтерін ауыстыру) жеделдетеді.

2023 жылы «БЭСК» АҚ Метрология басқармасының тексеру зертханасы «е-КТРМ» Техникалық реттеу ақпараттық жүйесінің платформасына (сәйкестікті бағалау саласындағы субъектілерді электрондық аккредиттеу сервисі) көшірілді.

2023 жылы МБ 2 қызметкері зертханааралық салыстыру арқылы біліктілікті тексеру бағдарламаларына қатысты. Зертханааралық салыстыру оң нәтиже көрсетті, бұл тексеру зертханасының құзыреттілігін растайды.

2023 жылы 2 қызметкер Алматы қ. «Инновационный консалтинговый центр» ЖШС «Электр шамаларын өлшеу құралдарын тексеру және калибрлеу» (біліктілікті арттыру)» курстарында оқудан және Астана қ. «КазСтандарт» РМК қайта аттестаттаудан өтті.

Метрология басқармасы



МБ ПЛ қоршаған ортаның үй жайлары мен жағдайлары зертханалық қызметті жүзеге асыруға жарамды және алынған нәтижелердің дұрыстығына теріс әсер етпейді.

ПЛ тексеру жұмыстарының сапасына әсер ететін алынған қорлар мен шығыс материалдарының сақталуын және белгіленген талаптарға сәйкестігін қамтамасыз етеді. 2023 жылы өтінімге сәйкес қорлар (2023-2024 жж. үлгісіндегі салыстырып тексеру таңбалары) сатып алынды.

ПЛ СИ жұмыс күйінде ұстайды және оларды белгіленген аралыққа сәйкес калибрлейді. 2023 жылы «Востокэнергосервис» ЖШС - Геометриялық шамалар, «НаЦЭКС» АҚ - Электр шамалары, «Узень» ЖШС - Үлгілі СИ «СИ тексеру және калибрлеу» қызметін сатып алу жүргізілді.

МБ ПЛ жыл сайын ГОСТ, ГОСТ Р, СТ ҚР, МИ нормативтік құжаттамасын өзектендіруді қамтамасыз етеді. ГОСТ, ГОСТ Р, СТ РК, МИ нормативтік құжаттамасын өзектендіруді «Республикалық ғылыми-техникалық кітапханасы» АҚ Шығыс Қазақстан филиалы жүргізді. Өзектендіруден өтпеген нормативтік құжаттама жұмысқа жіберілмейді. ПЛ-да басқа міндеттерге қарамастан, өз міндеттерін орындау үшін қажетті өкілеттіктер мен ресурстарға, басшы және техникалық қызметкерлерге ие, СМ енгізу, қолдау және жақсартуды қоса алғанда.

Телекоммуникация басқармасы

2023 жылы Левобережный, Өскемен және Аягөз АЭЖ-де сегіз ЖТҚСС апаттық және күзет телесигнализациясын жинақтау және баптау жүргізілді, бұл АЭЖ кезекші диспетчеріне электр жабдығының қалыпты жұмысы мен сақталуына тәулік бойы қашықтықтан бақылауды жүзеге асыруға мүмкіндік береді.





ҚЫЗМЕТКЕР

«БЭСК» АҚ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ

Аталуы	2023 жылдың 1 қаңтарға факт	2023 жылдың 31 желтоқсанға факт
Қызметкерлердің штаттық саны	3 268	3 268
Қызметкерлердің тізімдік саны	2941	2 980
Қызметкерлердің нақты саны	2 856	2 889
Қызметкерлердің орташа тізімдік саны	2 980	

Кәсіпорынның штаттық саны 3268 бірлік көлемінде бекітілген, оның ішінде әкімшілік - басқару қызметкерлері-102, өндірістік персонал-3166.

2023 жылдың 1 қаңтарына кәсіпорын қызметкерлерінің тізімдік саны 2 941 адамды, нақты – 2 856 адамды құрады. 2023 жылғы 31 желтоқсанда кәсіпорын қызметкерлерінің тізімдік саны 2 980 адамды құрады, ӘБҚ тізімдік саны - 95 адам, ӨҚ – 2 885. Қызметкерлердің нақты саны – 2 889 адам, ӘБҚ - 86 адам, ӨҚ – 2 803.


2023 жылғы орташа тізімдік саны – 2 980, оның ішінде ӘБҚ-95, ӨҚ – 2 885.

Кәсіпорын бойынша орташа жалақы 2022 жылы 193 894 теңгені, 2023 жылы – 8264 897 теңгені құрады.


Кадрлардың тұрақтамауы 2022 жылы – 19,9 %, 2023 жылы – 16,6% құрады.

Жасы	Саны, адам			Жалпы тізімдік саннан %		
	барлығы	Оның ішінде		барлығы	Оның ішінде	
		Ер адамдар	әйелдер		Ер адамдар	әйелдер
24 жасқа дейін	231	182	49	7,7	6.1	1,6
25–29 жас	280	223	57	9,4	7.5	1,9
30–49 жас	1499	1085	414	50,3	36.4	13,9
50 жас және жоғары	970	770	200	32,6	25.8	6,8
Барлығы:	2980	2260	720	100	75.8	24,2


Қызметкерлердің жасына арақатынасы



Қызметкерлердің жынысына арақатынасы




Қызметкерлердің санат бойынша арақатынасы



31.12.2023 жылғы жағдай бойынша қызметкерлердің жалпы саны (тізімдік саны) 247 адамды құрайды, оның ішінде 2023 жылы 39 қызметкер қабылданды, 49 қызметкер жұмыстан босатылды, оның ішінде өз еркімен 40 адам. Осылайша, кадрлардың тұрақтамауы 19,8% құрады. 2023 жылдың 1 қаңтарына кәсіпорын қызметкерлерінің тізімдік саны 257 адамды құрады, нақты – 212 адам. 2023 жылдың 31 желтоқсанына тізімдік саны ӘБҚ - 31 адам, ӨҚ – 216 адамды құрады. Қызметкерлердің нақты саны – 203 адам, ӘБҚ - 27 адам, ӨҚ – 176.

Кадрлардың тұрақтамауы 2021 жылы – 28 %, 2022 жылы – 23%, 2023 жылы – 19,8% құрады.

■ 2021 – 2023 жж. кадрлардың тұрақсыздығын талдау




	2021 ж.	2022 ж.	2023 ж.
Жұмыстан шығарылғандар саны	72	60	49
Тұрақсыздық %	28%	23%	19,8%

Атауы	Өлшем бірлігі	Факт
Қызметкерлердің штаттық саны	штаттық бірлік	242
Қызметкерлердің тізімдік саны	адам	247
Жұмыспен қамту түрі: толық жұмыспен қамту	%	83
Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылатын серіктестіктің жоғары басшылығының үлесі (топ-менеджмент)	%	100

Қызметкерлердің жалпы саны (тізімдік саны)	адам	257
Жалданған қызметкерлердің жалпы саны	адам	58
Ерлер <30 жас	адам	4
Әйелдер <30 жас	адам	19
Ерлер 30-50 жас	адам	8
Әйелдер 30-50 жас	адам	21
Ерлер >50 жас	адам	-
Әйелдер >50 жас	адам	6
Ұйымнан кеткен қызметкерлердің жалпы саны	адам	60
Ерлер <30 жас	адам	7
Әйелдер <30 жас	адам	13
Ерлер 30-50 жас	адам	9
Әйелдер 30-50 жас	адам	24
Мужчины >50 лет	адам	1
Әйелдер >50 жас	адам	6




Қызметкерлердің жасына арақатынасы




Қызметкерлердің жынысына арақатынасы




Қызметкерлердің санат бойынша арақатынасы



Қызметкерлердің аймақтар бойынша арақатынасы





«БЭСК» АҚ ДАЙЫНДЫҚ ЖӘНЕ БІЛІКТІЛІКТІ АРТТЫРУ

Кадрларды даярлау және олардың біліктілігін арттыру 2023 жылы кадрларды даярлау және қайта даярлау жоспарына сәйкес жүргізілді.

2023 жылға арналған даярлауға, қайта даярлауға және біліктілікті арттыруға нақты шығыстар - 24 912,5 мың теңге, оның ішінде ӘБҚ – 1 265,91 мың теңге, ӨҚ-23 646,58 мың теңгені құрады.

Қызметкерлерді оқыту келесі бағыттар бойынша өтті:

еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы саласында оқыту;

инженерлік-техникалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру және оқыту;

әкімшілік-басқару қызметкерлерінің біліктілігін арттыру;

техникалық оқу және жұмысшы қызметкерлерді аттестаттау.

2023 жылы компания қаражаты есебінен жалпы сомасы 24 912,50 мың теңгеге 577 адам оқудан және біліктілігін арттырудан өтті, оның ішінде:

міндетті оқытудан - 561 адам, оның ішінде 545 адам (ӨҚ) және 16 адам (ӘБҚ) өтті;

бөлімшелердің қажеттілігі бойынша оқыту - 16 адам, оның ішінде 14 адам (ӨҚ) және 2 адам (ӘБҚ).

Даярлау, қайта даярлау және біліктілікті арттыру әр түрлі оқу орталықтары мен мекемелерінде ұйымдастырылды:

«КЕС» оқу-өндірістік орталығы» ЖШС, «Басшы қызметкерлер және қауіпсіздік пен еңбекті қорғауды қамтамасыз етуге жауапты тұлғалар» тақырыбы бойынша оқыту ұйымдастырылды, оған 193 қызметкер қатысты.

«КЕС» оқу-өндірістік орталығы» ЖШС «Өрт-техникалық минимум» тақырыбы бойынша оқыту ұйымдастырылды, оған 156 қызметкер қатысты.

«БЖД-Сервис» ЖШС, келесі тақырыптар бойынша оқыту ұйымдастырылды: Матаушы, Электр газбен дәнекерлеуші, Люлька жұмысшысы, Автовышка және автогидроөтергіш машинисі, Бұрғылау және бұрғылау-кран машинисі, Автомобиль кранының машинисі оған 151 қызметкер қатысты.

«БЖД-Сервис» ЖШС өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы талаптарды сақтау бойынша қызметкерлерді келесі мамандықтар бойынша оқытуды ұйымдастырды: «ЖКМ, қысыммен жұмыс істейтін жабдықтың қауіпсіз пайдаланылуын қадағалауға жауапты тұлға», «ЖКМ, қысыммен жұмыс істейтін жабдықтың жұмыстарының қауіпсіз жүргізілуіне жауапты тұлға», «ЖКМ, қысыммен жұмыс істейтін жабдықтың ақаусыз қалыпында сақтауға жауапты тұлға», оған 33 қызметкер қатысты.

«БЭСК» АҚ ДАЙЫНДЫҚ ЖӘНЕ БІЛІТІЛІКТІ АРТТЫРУ

«Самруқ-Қазына Орталығы» ЖШС «Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасы 2023 жылғы соңғы өзгерістер мен толықтыруларды ескерумен. ҚР еңбек заңнамасын қолдану жөніндегі келісу комиссиясын оқыту, келіссөздер жүргізу дағдыларын дамыту және еңбек дауларында консенсусқа қол жеткізу» тақырыбы бойынша оқыту ұйымдастырылды, оған 8 қызметкер қатысты.

«ПБАЭИ» ҚКББ ФМАБМ (Санкт-Петербург қ.) «Инфрақұрылым желілерінің икемді элементтерін пайдаланумен электр желілері объектілерін жедел-технологиялық басқаруды жетілдіру» тақырыбы бойынша оқыту ұйымдастырылды, оған 1 қызметкер қатысты.

«Қазақстан Республикасының инженерлер-энергетиктер одағы» ЗТБ, (Алматы қ.) «Электр және жылу энергиясының ысырабы. Заманауи экономика жағдайында қалалық, таратушы электр желілерін дамыту. Мәселелер, шешу жолдары» тақырыбы бойынша оқыту ұйымдастырылды, оған 1 қызметкер қатысты.

«Айтілект» ЖШС «CCNA Cisco v1.0 шешімдерін енгізу және басқару» тақырыбы бойынша оқыту ұйымдастырылды, оған 3 қызметкер қатысты.

